

Железин ауданында мүгедектер үшін жұмыс орындары квоталарын белгілеу туралы

Күші жойған

Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 29 наурыздағы N 133/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 05 сәуірде N 12-6-140 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 04 қыркүйектегі N 372/8 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 04.09.2013 N 372/8 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабы 5-2)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31-бабы 1)-тармақшасына сәйкес, жұмысқа орналастыруды қажет ететін мүгедектерге жұмыспен қамтылуға қолғабыс көрсету мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Железин ауданының ұйымдарындағы жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. "Железин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі квотаға сәйкес жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру үшін мүгедектерді жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасарына (Қ. Б. Қималиденов) жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің м.а.

Б. Аужанов